



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

**- Жақын күндері Сіз Ресей Президенті Владимир Путинмен келіссөз жүргізісіз. Соңғы уақытта сіздер тұрақты кездесіп жүрсіздер. Атап айтар болсақ, 7 қазанда Мәскеуге сапармен келдіңіз, 13 қазанда Бішкекте өткен ТМД-ға мүше мемлекеттер басшыларының кеңесіне қатыстыңыздар. Сол жерде де Ресей Федерациясының Президентімен жүздестіңіз. Екі ел арасындағы қатынастардың дамуына қандай баға бересіз? Алдағы келіссөздер барысында нендей мәселелерге баса мән беріледі?**

—Шын мәнінде, біздің Владимир Владимирович Путинмен кездесуіміз тұрақты сипат алып келеді. Бұл Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынастардың мән-мазмұны бай әрі жоғары деңгейде екенін айқын көрсетеді. Екіжақты кездесулерде немесе интеграциялық бірлестіктер аясындағы көпжақты келіссөздерде болсын, талқылайтын мәселе жеткілікті. Ресей Президенті – барлық саладан жан-жақты хабар-



энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, елдеріміздің өндірістік дамуына, бизнес-ахуалды жақсартуға, сондай-ақ азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруға тың серпін береді.

Біз өзіміздің транзит әлеуетімізді толыққанды пайдалануға мүдделіміз және Ресей газын тасымалдау көлемін одан әрі ұлғайтуға дайынбыз.

Биыл 1 қарашада өткен Халықаралық газ форумында Қазақстан Үкіметі мен «Газпром» арасында Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл – 15 жылға дейінгі кезеңді қамтитын өзара тиімді серіктестік жоспарын әзірлеуге және жүзеге асыруға бағытталған ұзақ мерзімді қжат.

Қазақстан мен Ресейдің мұнай саласындағы ынтымақтастығы бұрыннан табысты дамып келеді. Елімізде «Лукойл» және «Татнефть» сияқты ресейлік концерндер жемісті жұмыс істеп жатыр.

Биыл ақпан айында «Қаз-МұнайГаз» бен «Лукойл» Ка-

жоспарланып отыр.

Бейбіт мақсатта қолданылатын атом саласындағы ықпалдастық – энергетикалық ынтымақтастығымыздың негізгі бағытының бірі.

Елімізде АЭС салуға қатысты түрлі пікір айтылып жүр. Бір жағынан, Қазақстанның атом энергетикасын дамыту әлеуеті мол. Еліміз табиғи уран өндіру көлемі жөнінен әлемде бірінші орын алады. Сондай-ақ ядролық отын компоненттерін өз елімізде өндіреміз және уранды изотопты байыту жөніндегі қызметтерге қол жеткізе аламыз. Үлбі металлургия зауытының базасында Қытайдың атом электр станциялары үшін дайын ядролық отын шығарылады.

Екінші жағынан, көптеген азаматтар мен сарапшылар атом станциясының қауіпсіздігіне күмән келтіреді. Семей ядролық сынақ полигонының ауыр қасіретін ескерсек, мұны түсінуге болады. Қазақстан аумағында АЭС салу мәселесінде Ресей тарапының жәрдем беру ұсынысын жоғары бағалаймыз.

## Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықтың тарихы бай және болашағы жарқын

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Известия» газетіне берген сұхбаты

дар әрі білікті тұлға. Оның жаһандық және өңірлік процестерге көзқарасы көп жағдайда қазіргі әлемдік ахуалға ықпал етеді.

Сындарлы саясат және өзара тиімді нәтижеге ұмтылыс – Қазақстан мен Ресей диалогының негізгі ерекшелігі. Біз әрдайым ресейлік серіктестеріміздің ұстанымына назар аударуға тырысамыз, олар да біздің пікірімізді ескереді.

Өзіңізге мәлім, биыл XXI ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 10 жыл толады. Қазақстан мен Ресей халықтары арасындағы достықтың тарихы тереңде жатыр, ғасырлар қойнауынан тамыр тартады. Дегенмен 2013 жылы қол қойылған мемлекетаралық шарттың символдық мәні зор. Өйткені бұл қазақ-орыс байланыстарының келешегіне жол ашады. Елдеріміз арасындағы тату көршілік және одақтастық қатынастарға негізделген ынтымақтастықтың тарихы бай және болашағы жарқын деп бағалаймын.

Ресей Президентімен Астанада өтетін алдағы кездесудің күн тәртібі өте ауқымды. Біз екіжақты саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ықпалдастық мәселелерін жан-жақты талқылаймыз деп жоспарлап отырмыз. Халықаралық ұйымдар мен интеграциялық құрылымдар аясындағы байланыстардың аспектілерін де қарастырамыз. Әлемдегі ахуалдың қазіргі жайкүйі мен даму перспективалары жөнінде пікір алмасамыз.

Сонымен қатар Өңіраралық ынтымақтастық форумына қатысамыз. Бұл – аймақтар мен екі ел кәсіпкерлері арасындағы тікелей байланыстарды нығайтуға ықпал ететін бірегей әрі өте тиімді формат. Биыл Қазақстанның Қостанай қаласында аталған жиын 19-шы рет өткізіледі. Ис-шараның тақырыбы – ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық. Форум Ресей Президентінің Қазақстанға алдағы сапары секілді табысты өтеді деп сенемін.

**- Қазан айында Сіз Владимир Путинмен және Шавкат Мирзиёевпен бірге Ресей газын Қазақстан аумағы арқылы Өзбекстанға тасымалдау жобасын іске қосу рәсіміне қатыстыңыз. Сіздің еліңіз үшін бұл бастама қаншалықты маңызды? Қазіргі уақытта Ресеймен бірлесе тағы да қандай ірі экономикалық және инвестициялық жобалар жүзеге асырылып жатыр? Жуық арада қандай жобалар қолға алынбақ? Сіздің ойыңызша, мұнай-газ және бейбіт мақсатта қолданылатын атом салаларындағы ықпалдастықтың даму перспективалары қандай?**

– Газ саласы мемлекеттеріміздің орнықты әлеуметтік-экономикалық прогресінде ерекше рөл атқарады. Сондықтан Ресейдің көгілдір отынын тасымалдау ісі жобаға қатысушы барлық тараптың мүддесіне сай келеді. 7 қазанда іске қосылған бұл жоба Қазақстанның газ тасымалдау инфрақұрылымын кеңейтуге және жаңғыртуға, Орталық Азияның аймақтық тұрақтылығы мен

спий теңізінің қазақстандық бөлігіндегі «Қаламқас теңіз», «Хазар», «Әуезов» кен орындарын игеру жобасы бойынша бірқатар келісім жасады.

Бұдан бөлек, 2022 жылы «Kazakhstan Petrochemical Industries (KPI)» мұнай химиясы кешенінің құрылысы аяқталды. Ол әлемде полипропилен өндіретін ең ірі он кәсіпорынның қатарына кіреді. Аталған жобаға ресейлік «Сибур» компаниясы да қатысады.

2022 жылы Саран қаласында «Татнефть» компаниясының қатысуымен автомобиль дөңгелектерін шығаратын «KamaTyresKZ» зауыты салынды.

Екі елдің аумағы арқылы тасымалданатын мұнайдың үлесі айтарлықтай зор. Қазақстан мұнайының 80 пайызға жуығы Ресей аумағы арқылы (Каспий құбыр желісі консорциумы) сыртқы нарыққа экспортталады.

Сол сияқты Ресей мұнайы Қазақстан аумағы арқылы ҚХР-ға жеткізіледі. 2033 жылға дейінгі кезеңде 100 миллион тоннадан астам Ресей мұнайын тасымалдау

Әйтсе де АЭС құрылысы жөніндегі түпкілікті шешім референдум қорытындысы бойынша қабылданады.

Мен 2019 жылғы сайлауалды бағдарламада аса маңызды стратегиялық проблемаларға қатысты шешім референдум арқылы қабылданады деп мәлімдеген едім.

Инвестициялық ынтымақтастық туралы сауалыңызға орай мына нәрсені айтқым келеді. Соңғы 18 жылда Ресейден Қазақстанға келген тікелей инвестицияның жалпы көлемі 20 миллиард доллардан асты. Өз кезегінде, Қазақстанның Ресейге құйған инвестициясы 6 миллиард долларға жуықтады.

Инвестициялық ықпалдастықтың осылайша оң қарқын алуына өндірістік кооперацияның да септігі тиді. Оның аясында екі елдің бизнес субъектілері жалпы сомасы 33,5 миллиард доллар болатын 143 бірлескен жобаны жүзеге асырып жатыр.

(Жалғасы 2,3-беттерде).

# Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықтың тарихы бай және болашағы жарқын

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Известия» газетіне берген сұхбаты

Жалпы сомасы 3,2 миллиард доллар болатын 30 маңызды жоба сәтті іске қосылды. Қазіргі кезде машина жасау, металлургия және химия өнеркәсібі секілді экономиканың маңызды салаларында 40 жоба жүзеге асырылуда. Олардың жалпы құны 16,6 миллиард долларды құрайды әрі 15 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтиды.

Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан-Ресей ынтымақтастығын дамыту үшін бұл бағытта мол әлеует бар.

**- Батыс елдері бұрын-соңды болмаған мөлшерде санкция салды. Бұл шектеулер көлік-логистика саласына да әсер етеді. Соған қарамастан Ресей мен Қазақстанның аталған саладағы ынтымақтастығы табысты өркендеп келеді. Мысалы, екі ел «Солтүстік - Оңтүстік» көлік дәлізін дамытып отыр. Осы бағыттағы ықпалдастықтың келешегіне қандай баға бересіз?**

- Қазақстанның теңізге шығатын жолы жоқ. Сондықтан Парсы шығанағындағы айлақтарға дейін жетіп, одан әрі Үндістанға шығатын «Солтүстік - Оңтүстік» көлік дәлізі зор мүмкіндіктерге жол ашады әрі еліміздің экономикалық дамуын өрге сүйрейтін локомотивтің біріне айнала алады.

Аталған бағыт Еуразия құрлығындағы көлік қатынастарының құрылымын, тіпті кооперация мен өзара қарым-қатынас деңгейін түбегейлі өзгертуі мүмкін.

«Солтүстік - Оңтүстік» дәлізін дамыту мақсатында тараптар инфрақұрылымды жаңғырту, терминалдардың қуаты мен жылжымалы құрамның санын арттыру, әкімшілік кедергілерді алып тастау және тасымалдаушыларға қолайлы жағдай жасау үшін үйлесімді жұмыс жүргізіп келеді.

Қазақстан мен Ресейдің өзара көлік байланысын, соның ішінде «Солтүстік - Оңтүстік» бағытын нығайту, сайып келгенде, өзара сауда мен инвестиция көлемінің ұлғаюына оң ықпал етері сөзсіз.

Бүгінде халықаралық ынтымақтастық бағытында көлік-логистика саласының маңызы артып келеді. Шын мәнінде, әлемде көлік бағдарларына, логистикаға бақылау орнату үшін қызу бәсеке жүріп жатыр. Қазіргі кезде Еуразияның жаңа көлік құрылымы қалыптасуда. Мұны ойдағыдай жүзеге асырсақ, қатысушы тараптардың бәрі де экономикалық әрі саяси пайдаға кенелмек.

Физикалық инфрақұрылымнан бөлек, тауар транзитіне арналған ортақ цифрлық жүйені қалыптастыру үшін нақты шешімдер әзірлеу өте маңызды. Ол сенімді әрі қолдануға оңай, озық цифрлық технологияларға негізделген шешім болуға тиіс.

Қазақстан бар мүмкіндігі мен ресурсын жұмылдырып, сенімді логистикалық хаб ретінде қызмет көрсетеді. Тасымалданатын жүк көлемін арттыру үшін өз аумағымыздағы термінал және автомобиль жолдарының талапқа сай келмейтін тұстарын реконструкциялауға әзірміз.

**- 13 қазанда Бішкекте өткен ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің кезекті отырысында Орыс тіліне қатысты халықаралық**



**ұйым құру туралы шартқа қол қойылып, Жарғысы бекітілді. Бұл құрылымды құру жөнінде Өзіңіз бастама көтергеніңіз белгілі. Жалпы, ұйым қызметінен не күтесіз? Қазақстан мен Ресейдің мәдени-гуманитарлық саладағы, соның ішінде ТМД аясындағы ықпалдастығы келешекте қалай дамиды деп ойлайсыз?**

- Ортақ мәдени-гуманитарлық кеңістік Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын біріктіруші маңызды фактор болған әрі алдағы уақытта да солай қала береді. Бұл бағыттағы өзара тиімді ынтымақтастығымыздың табысты болуына бірден-бір себеп - ТМД елдері халықтарының тілдері мен орыс тілінің үйлесімді әрі теңгерімді дамуы.

Бүгінде БҰҰ-ның ресми тілдерінің бірі саналатын әрі халықаралық тіл мәртебесіне ие орыс тілі - мемлекеттеріміз арасындағы достық қарым-қатынасқа демеу болатын ыңыстырушы фактор. Сондай-ақ өңірлік кооперацияны, ынтымақтастық пен өзара сенімді нығайтатын пәрменді құрал рөлін атқарып отырғаны жасырын емес. Мұны ешкім жоққа шығара алмайды деп ойлаймын.

Орыс тілі жөніндегі халықаралық ұйым құру туралы бастама көтерген кезде мен әлемдік тәжірибені де басшылыққа алдым. Кезінде француз, неміс, испан және басқа да тілдерді дамыту үшін осындай халықаралық ұйымдар құрылған.

Мына нәрсеге баса назар аударғым келеді. Орыс тіліне қатысты халықаралық ұйым құру идеясы ТМД елдерінің, соның ішінде Қазақстанның мемлекеттік тіл саясатына балама жасау ниетінен туған жоқ. Ұйымның құқықтық субъект ретінде танылуы және оған ТМД-ға мүше емес өзге мемлекет-

тердің қосылуына ашық болуы маңызды.

Биыл ТМД аумағында Орыс тілі жылы болып жарияланды. Мұның символдық мәні зор. Санкт-Петербург Достастық елдерінің 2023 жылғы мәдени астанасы болды. Ол ТМД елдері арасындағы мәдени байланыстардың нығаюына зор үлес қосты. Бұл ретте екіжақты мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастар Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықтың маңызды бағыты болып қала береді.

Соңғы кездері бұл саладағы ықпалдастығымыз айтарлықтай жандана түсті. Қазақстанда және Ресейде екі елдің мәдениет күндері, Қазақстан немесе Ресей киносының күндері ұйымдастырылып тұрады. Биыл өтіп жатқан «Орыс маусымы» жобасы елімізде көрермен ықыласына бөленді. Сонымен қатар шығармашылық білім беру, музей-кітапхана ісі салаларындағы ынтымақтастығымыз нығайып келеді. Қазақстанның әртістері мен шығармашылық ұжымдары Ресейде ұйымдастырылатын мәдени іс-шараларға белсенді түрде қатысады.

Өзара құрмет пен екі елдің мүддесіне сай келетін осынау игі дәстүр келешекте де жалғасады деп сенемін. Қазақ мәдениетін әлемге таныту, сонымен қатар Ресейдің өзіне тән ерекше мәдениетін жақынырақ білу біз үшін маңызды.

Жалпы, ТМД ұйымының отыз жылдық қалыптасу кезеңінде мәдениетаралық диалог Достастық кеңістігіндегі мәдени және гуманитарлық ортақ құндылықтарды тарату ісінде маңызды рөл атқарғаны сөзсіз. Бұл бағытта ТМД-ның рухани бірлігінің арқауы, елдеріміз мен халықтарымыздың арасын жалғаған «алтын көпір» деп санаймын.

**- Қазақстан Республикасында кейінгі кездері Ресейдің бірқатар жоғары оқу орнының (МИФИ, Губкин атындағы Мұнай және газ РМУ) филиалдары ашылды. Екі ел арасында орта, кәсіптік және бастауыш білім салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту жөнінде қандай жоспарлар бар?**

- Қазіргі уақытта Ресейде 60 мыңнан астам қазақстандық студент білім алып жатыр. Бұл өзге елдермен салыстырғанда әлдеқайда көп.

Бұдан Ресей жоғары оқу орындарының білім әлеуеті жоғары әрі сұранысқа ие екенін байқауға болады. Сонымен қатар мұндай таңдау жасауға территориямыздың жақындағы, тілдік кедергінің жоқтығы, оқу ақысының қолжетімділігі, оқытушылар құрамының біліктілігі, көптеген білім ордасының кеңес кезеңінен бері қалыптасқан беделі мен атағы ықпал етті.

Қазақстанда техникалық бейіндегі шетелдік жетекші оқу орындарының филиалдарын ашу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Биыл еліміз Қазақстан мен Ресей үкіметтері арасында жасалған Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелерінің филиалдарын тең негізде құру және олардың қызметі туралы келісімді ратификациялады.

Соның нәтижесінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында МИФИ филиалы, С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті базасында И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік университетінің филиалы ашылды. Келесі жылы М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің жанынан Д.И. Менделеев атындағы Ресей химия-техникалық университетінің филиалын ашу жоспарланып отыр.





## Жас ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыс

Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектепте «Жас ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыс» тақырыбында облыстық семинар-кеңес өтті.

Аталған семинар-кеңеске Созақ ауданы әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Бақытжан Романқұлов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов және Созақ ауданының білім бөлімінің басшысы Нұралы Айдаров, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары «Әкелер мектебінің» төрағалары мен «Әжелер алқасының» төрайымдары қатысты. Мектептердегі «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының» жұмыстарын жандандыру, отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеуіндегі жауапкершілігін арттыру, тәрбие үдерісін ұйымдастыру, әкенің отбасындағы рөлін терең тану және жетілдіру мақсатында өткен шарада Созақ ауданы әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов «Әкелер мектебінің» маңыздылығы, бала тәрбиелеудегі өзекті мәселелер туралы сөз қозғаса, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Бақытжан Романқұлов «Әкелер мектебінің тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында баяндама жасады. Созақ ауданының білім бөлімінің басшысы Нұралы Айдаров «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы аясында құрылған «Әкелер мектебінің» маңыздылығын таныту арқылы бала тәрбиесіндегі әкелердің жауапкершілігін арттыру, әке рөлін көтеруге бағытталған пікірталас алаңын құру туралы тілге тиек етті.

Семинар барысында «Әке бәйтерегім, ұлым-мұрагерім» тақырыбында семинар-сабақ, «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» тақырыбында пікір талас, «Әкешім-бәйтерегім» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары көрсетілді.

Шара соңында семинар-кеңеске қатысушыларға концерттік бағдарлама ұсынылып, психологиялық тренингтер ұйымдастырылды.

**Ерік ДОСБОЛОВ,**  
Созақ ауданының білім бөлімінің әдіскері.

## Ауданымыз «Түйе» шаруашылығын дамытуда ОЗАТ аудан номинациясымен марапатталды

9 қараша күні Түркістан қаласында өткен «Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері» күніне арналған «AL-TYN KUZ-2023» мерекесінде Созақ ауданы «Түйе» шаруашылығын дамытуда ОЗАТ аудан номинациясын иеленді.

Сонымен қатар, осы мерекеде Созақ ауыл округінен «Жаңа Қазақ Елі» АӨК-і төрағасы Әлібеков Еркебұлан Амангелдіұлы Түркістан облысы әкімінің «Озат мал бордақылаушы» дипломы мен «Қазақстан Фермерлер Қауымдастығы» заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлер қауымдастық нысанындағы бірлестік төрағасы Ж.Дайрабаевтың «Үздік Фермер» төсбелгісімен марапатталды.

Осы ретте, бүгін аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ауыл шаруашылығы саласының мамандары мен Созақ ауыл округінен құрылған «Жаңа Қазақ Елі» АӨК-і төрағасы Әлібеков Еркебұланды қабылдады. Аталған номинациялар мен төсбелгіні табыс етіп, құрмет көрсетті. Алдағы уақытта да ауыл шаруашылығы саласын дамытып, өнімділікті арттырудағы жұмыстарды бірлесіп атқаруға сенім білдірді.

Айта кетейік, 2020 жылдан бастап түйе шаруашылығын дамыту мақсатында аудан бойынша 1980 бас түйе аналығы сатып алынды. Оның ішінде 1000 бас түйе несие алу арқылы жүзеге асса, 980 бас түйе азаматтардың өз қаражаты есебінен алынған.

Шолаққорған ауылдық округінің агроқұрылымдары 30 тонна «Golden Camel Group» ЖШС-не, 60 тоннасын «Казфут» ЖШС-не, Қарақұр ауылдық округінің агроқұрылымдары 53 тонна, Созақ



ауыл округінің агроқұрылымдары 113 тонна «Казфут» ЖШС-не, барлығы 256 тонна түйе сүті қайта өңдеу кәсіпорындарына өткізілген. Кейінгі жылдары «Golden Camel Group» ЖШС-і өз жұмысын тоқтатуына байланысты аудан агроқұрылымдары сауылған сүттерді ішкі нарыққа өткізуде.

2023 жылдың 9 айындағы есеп бойынша жалпы ауданда 15 979 бас түйе өсірілсе, 3 жылдың ішінде 117 пайызға өскен.

Сондай-ақ ауданда «Ауыл Аманаты» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Созақ, Құмкент, Шолаққорған және Жартытөбе ауылдық округтері ұсынылды.

Аталған ауылдық округтерінен 4 ауыл шаруашылығы кооперативтері құрылды. Олар: Созақ ауыл округінен «Жаңа Қазақ Елі» АӨК-і (төрағасы Әлібеков Еркебұлан Амангелдіұлы) мүшелікке 91 азамат тіркелген. «Ауыл Аманаты» бағдарламасының V-бағыты бойынша 26 млн.теңге несие қаржы алып, 2 дана жаңа ауыл шаруашылығы

техникаларын алды.

Жартытөбе ауыл округінен «Сембек ата» АӨК-і (төрағасы Бахбергенов Жарқынбек Сембекұлы) мүшелікке 70 азамат тіркелген. «Ауыл Аманаты» бағдарламасының V-бағыты бойынша 20,3 млн. теңге несие қаржы алып, 3 дана жаңа ауыл шаруашылығы техникаларын алды.

Шолаққорған ауыл округінен «Созақ Агро Өнімдері» АӨК-і (төрағасы Қасымбек Арман Нұрболұлы) мүшелікке 181 азамат тіркелген. «Ауыл Аманаты» бағдарламасының V-бағыты бойынша 27,6 млн.теңге несие қаржы алып, 4 дана жаңа ауыл шаруашылығы техникаларын алды.

Құмкент ауыл округінен «Рауан» АӨК-і (төрағасы Досбаев Мұрат Мақсұтұлы) мүшелікке 70 азамат тіркелген. «Ауыл Аманаты» бағдарламасының V-бағыты бойынша 15 млн. теңге несие қаржы алып, жаңа ауыл шаруашылығы техникаларын алуға келісім-шартқа отыру жұмыстарын жүргізуде.



## ТАУКЕНТ КЕНТІНІҢ 40 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ ТОЙЛАНДЫ

Ауан мәдениет пен руханияттың нәрлі ошағына айналып, сыр мен жырға толы Созақ ауданының 95 жылдық мерекесімен тұспа-тұс келіп жеткен Таукент кентінің 40 жылдық мерейтойы өтіп, ән думанға оранды. Кеш шымылдағы Таукент кентінің құрылған сәтінен бастап, бүгінге дейінгі жетістіктерін баяндайтын арнайы бейнероликпен түрілді. Мерейтойға арнайы қатысқан аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков кент

тұрғындары мен қонақтарын құттықтады.

Өзіндік қалыптасқан тарихы бар Таукент кенті 40 жылдық мерейтойын атап өтуде. Бүгінгі таңда қойнауы қазынаға толы, қасиетті Қаратаудың баурайында орналасқан Таукент кенті өсіп-өркендеп, бірлік пен берекенің символына айналды. Үздіксіз дамудың даңғыл жолына түсіп, барша жұртшылыққа мақтана көрсетер жетістіктерге қол жеткізді. Мұнда көптеген әлеуметтік ны-

сандар салынды, жаңа мектеп, балабақша, тақтайдай тегіс жолдар мен көше жарықшамдары орнатылды. Жергілікті бюджеттен бөлек, демеушілер есебінен көптеген жобалар іске асып келеді. Соңғы бір жылдың ішінде спорт алаңшалары, балалар ойын алаңшасы мен аллеялар ашылып, халық игілігіне берілді. Міне, мұның бәрі егемендік алғалы халық игілігіне берілген дүниелер. Алдағы

уақытта да бұл жұмыстар үздіксіз жалғасын тауып, түрлі жобаларды осындағы сіздермен ақылдағып атақаратын боламыз,-деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Сонымен қатар, аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев пен кентің ардагерлер кеңесі төрағасы Төленбек Айнекбаев, Таукент кентінің әділ биі «Қырқыншы күз» кітабының авторы Суханберді Шарафудинов кент

тұрғындарына деген ыстық ықыласын білдірді.

Кенттің бүгінге дейінгі жеткен жетістіктеріне қолдау білдіріп, ауданымыздың орнықты дамуы мен халық арасындағы өзара түсіністікті нығайтуда өлшеусіз үлес қосқан бірқатар азаматтар аудан әкімі мен аудандық мәслихат аппаратының арнайы алғыс хаттарымен марапатталды. «Қырқыншы күз» кітабының тұсауы кесілді.

Салтанатты шарада аудан өнерпаздары әсем ән орындап, мерекенің ажарын аша түсті. Сондай-ақ 35 жастан асқан спорт ардагерлері кіші футболдан, еңбек ардагерлері волейболдан өзара сынға түсті. Жарыс жеңімпаздары мен жүлделі орын иелері қомақты сыйлықтармен марапатталады. Дүбірлі дода көкпар ұйымдастырылып, ұлттық спорт ұлықталды.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**

### Созақ аудандық Ақсақалдар Кеңесі мүшелері мен аудан тұрғындары назарына!

## АҚСАҚАЛДАР КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТІ ЖИЫНЫ ӨТЕДІ

2023 жылғы 24 қараша күні сағат 11:00-де Таукент кентінің Мәдениет Үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылымы – Созақ аудандық Ақсақалдар Кеңесінің кезекті IV көшпелі мәжілісі өтеді.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Таукент кентінің әкімі С.С.Мамановтың қоғамдық келісім мен жалпыхалтық бірлікті нығайту, мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бағытында атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы;

2. Созақ ауданының Полиция бөлімінің Жергілікті Полиция Қызметінің кәметке толмағандардың істері жөніндегі бөлімшесінің бастығы Р.Уалиеваның атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы;

3. Басқа да мәселелер.

**Ақсақалдар Кеңесінің төрағасы** **Б.Тұрғанбаев**

**Хатшысы** **Ж.Нарқозыұлы.**

## 13 қараша-Зағиптар күні

Адам болып дүниеге келгеннен кейін, жәй келіп, бос кетпей елге елеулі еңбек етіп еліміздің өркендеу жолында салмақты салаларда са-лиқалы үлес қосып, игілікті істерге ұйытқы болған азаматтардың бірі-Төлеген көкеміз көзі көрмесе де көкірегі ояу жан. Ол мәуелі бәйтеректей жайқалған үлкен әулеттің ақылшысы, ұл-қыздары мен немерелерінің ортасында бақытты өмір кешіп жатқан талайлы тағдыр

болып тағайындалды. 2014 жылы Жартытөбе ауыл әкімдігінің мүгедектер қоғамының төрағасы болып сайланды. 2016 жылы Созақ ауданының Зағиптар қоғамының төрағасы болып қайта бекітілді. Зағиптардың қажаттарын жинақтап, көпшіліктің сенімінен шығу қажырлы еңбекпен, жауапкершілікті талап етеді. Жоқтан барды жасап қоғамның жұмысын үлкен жетістіктерге жеткізді.

2011 жылы ОҚО арнайы

жылдығына орай «Қазақ зағиптар қоғамының» қоғам бірлестігінің ОҚО басқарма филиалының төрағасы Н.Алтынбековтың алғыс хаты, 2017 жылы Ата заң мерекесіне орай Созақ ауданы әкімі С.Полатовтың алғыс хаты, «Қазақ зағиптар қоғамына-80 жыл» облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы М.Отаршиевтің Алғыс хаты, «Зағиптар қоғамына 80 жыл» Созақ

## Көпшіл азамат

иесі. Оның балалық балғын шағы Түркістан топырағында осындағы темір жол станциясының маңында өткен.

Төлеген 27 қараша күні 1948 жылы Түркістан қаласында қызметкерлер отбасында дүниеге келген. Әкесі Мәуленқұл тергеуші-заңгер, анасы Аққұлиев Шайы Әуезқызы ұстаз болған.

1954-1955 оқу жылында қазақ теміржолына қарасты Түркістан станциясындағы №19 қазақ орта мектебінің 1 сыныбына барып, 1965-1966 оқу жылында №386 он бір жылдық қазақ мектебінің 11 сыныбымен токарь мамандығын қоса бітірген. Еңбек жолын Түркістан механикалық жөндеу заводында токарь болып бастады. 1967 жылы қыркүйек айында Алматыдағы Қазақ Политехникалық институтының студенті болды. Жастайынан мектеп қабырғасында пионер, комсомол қоғамдық жұмыстарына белсене араласқандықтан болар 1967 жылы ССО КАЗПТИ Павлодар облыстық комсомол комитетінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

1969 жылы 6 мамыр мен 1971 жылдың 25 мамыр аралығында Кеңес әскері қатарында автокөлік жүргізушісі болып әскери борышын өтеді. Осы жылы бойжеткен Садубаева Күнімкүлмен отбасын құрады.

1975-1978 жылдар аралығында жұмыстан қол үзбей сырттай Шымкент автомеханикалық техникумының жөндеуші-механик мамандығы бойынша диплом алып, қатардағы жүргізушіден жөндеуші-механик жұмысына ауысады. Жұмыс барысында қойма меңгерушісі және гараж меңгерушісі қызметтерін атқарады. 1985 жылы Жартытөбе ауылдық кеңесіне есепші-кассир болып ауысып, 1990 жылдан Жартытөбе совхозында әртүрлі қызметтер жасаған.

2000 жылдан бастап зағип ІІ-топ көз мүгедегі, 2003 жылдан ОҚО Зағиптар қоғамының мүшесі болды. 2009 жылдан бастап 1-топ көз мүгедегі, 2011 жылы облыстық Зағиптар қоғамының 29 конференциясына делегат және тәңғыш қоғам төрағасы болып сайланды. 2013 жылы Созақ кооператив қорының президенті

Зағиптар қоғамының кітапханасының директоры Ф.Ескендірованың «Жылдың ең үздік оқырманы» атты Алғыс хатымен марапатталды. Облыстық Зағиптар қоғамының ХХХ конференциясына делегат болып сайланды. 2014 жылы «Жылдың ең үздік оқырманы» номинациясының иегері (директор Б.Нұрманбетов), «Жанарым менің жүрегімде» атты фестивалінде үздік өнері мен белсенділігі үшін Созақ ОКЖ директоры А.Баймырзаеваның Алғыс хаты, 2014 жылы «Қазақ Зағиптар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің ОҚ облыстық филиалының төрағасы Н.Жандаровтың Алғыс хаты, Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Б.Әбенұлының алғыс хаты, 2014 жылы Қазақ Зағиптар қоғамы бірлестігінің филиалы ОҚ облыстық корпоративтік қорының Президентінің 01.11.2013 жылғы №31 бұйрығымен «Созақ» корпоративтік қорының Президенті болып тағайындалды.

2016 жылы облыстық Зағиптар қоғамының ХХХ конференциясының делегаты, аудандық Зағиптар қоғамының төрағасы болып қайта тағайындалды. 2015 жылы аудандық «Нұр Отан» партиясының төрағасының бірінші орынбасары Р.Әлжановтың алғыс хаты, 2015 жылы облыстық Зағиптар қоғамы төрағасы Н.Алтынбеков, «Тәуелсіздік күнімен» аудан әкімі М. Исаев, «Мейір» ардагерлер үйі. Байқауында жүлделі орын алғаны үшін Алғыс хаттармен марапатталған. Наурыз мерекесімен құттықтау хаты. Жартытөбе ауылдық округінің әкімі Б.Әділбеков, 2016 жылы «Мерейлі отбасы күнімен» Созақ ауданы әкімі М.Исаевтың алғыс хаты, 2016 жылы 10 қазан мүмкіндігі шектеулі жандар мерекесі. Созақ ауданының мүгедектер қоғамының бірлестігінің төрағасы М. Раймовтың құттықтау хаты, ҚР Тіуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Үміт алға жетелейді» атты іс шара, «Тұрар» қорының президенті Н.Т.Жандаровтың мадақтамасы, «Автомобильдер батальонының құрылғанына 75 жыл» төсбелгісі Тәуелсіздіктің 25

аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Еспенбетовтың алғыс хаты, «Батагөй қариялар» атты байқауында белсенділігі үшін Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Н.Балаубекованың атынан диплом, 2018 жылы «Мемлекеттік ұстаздар жолы» қоғамдық қорының шешімімен елеулі еңбектері үшін «Ардақты ардагер» орденімен марапатталған.

Созақ ауданы мәслихатының 23 тамыз 2018 жылы 27 сессиясының №178 шешімімен «Созақ ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. Зағиптар күніне орай Созақ ОКЖ директоры С.Батырбековтің атынан Алғыс хат, 2020 жылы ҚР «Ынтымақ жолы» қоғамдық қорының шешімімен «Тұлға тағылымы 100 есім» кітабымен және төсбелгі орденіне ие болды.

2022 жылы «Қазақ зағиптар қоғамының 85 жылдығына» орай Түркістан облыстық зағиптар қоғамы төрағасы Н.Алтынбековтің атынан алғыс хат, 2022 жылы 13 қараша Зағиптар күніне орай Созақ ауданының әкімі М.Тұрысбековтің алғыс хатымен марапатталды.

Жанұялы жұбайы Күнімкүл Садубайқызымен 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірген құрметті ата-ана.

Ұл-қыздары:

Аққұлиев Абылайхан Төлегенұлы- білімі жоғары, инженер-механик

Аққұлиев Райхан Төлегенқызы-білімі жоғары, мұғалім

Аққұлиев Дәурен Төлегенұлы-білімі арнаулы орта, техник-электрик.

Аққұлиев Мереке Төлегенқызы-білімі жоғары, мұғалім

Аққұлиев Абай Төлегенұлы- білімі жоғары, өнертанушы.

Тағдыр тауқыметімен екі көзі бірдей көруден қалғаны болмаса, ол да біздің қоғамымыздың толыққанды бір мүшесі, қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүретін көпшіл азамат. Осы көрген күннің өзіне шүкіршілік айтып, бала-шағаларымен немерелерінің амандығын Тәңірден күнде тілеп отырады.

С.МҰХИТ.

## НЕСИЕ АЛЫП, КӘСІБІН ЖАНДАНДЫРЫП ОТЫРҒАН АЗАМАТТАРДЫҢ САНЫ КҮН САНАП АРТУДА

Бүгінде ауданда «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша несие алып, кәсібін жандандырып отырған азаматтардың саны артуда. Соның бірі Созақ ауылының тұрғыны Джамила Айдарбекқызы «Елжан цехы» Жеке кәсіпкерлігі атынан «Ауыл аманаты» бағдарламасының 6-шы бағыты негізінде үй іргесінен жүн, мақта өнімдерін қайта өңдеп, қолданысқа дайындау

ды. Уақыт өте бұл салада кәсіби маман ретінде жұмыс істеуді ұйғарып, «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасына қатысып, заманауи үлгідегі тігін құралдарын алуды шештім. Небәрі 20 күннен астам уақытта несиеге қол жеткізіп, қажетті құралдарды арнайы тапсырыспен алдырдым. Нәтижесінде жұмысым едәуір жеңілдеп, бұл салаға қызығушылығым арта түсті.



және тігін саласын жандандыруға 5 200 000 теңге 2,5% несиеге қол жеткізді. Бүгінгі таңда кәсіпкер қол жеткізген несиеге заманауи үлгідегі тігін құралдарын алып, нәсібін ұлғайтуда.

«Ең алғаш бұл саланы осыдан 15 жыл бұрын үйреніп, 10 жылға тарта басқа кәсіпкердің қарамағында жұмыс жасадым. Соңғы 5 жылда өз алдыма бөлек тігін машинасын алып, жеке кәсібімді бастадым. Қолданыстағы тігін машиналарым ескі болғандықтан жұмысым баяу бол-

Бүгінде сұраныстың басым көпшілігі жергілікті тұрғындар тарапынан түседі. Халықтың арқасында табыс тауып отқан соң барынша сұранысқа сай үлгеріп, көптің көңілінен шығуға тырысамын,-дейді кәсіп иесі.

Айта кетейік, қазіргі таңда ауданда «Ауыл Аманаты» бағдарламасы бойынша 269 азаматтың құжаты қабылданды. 208 азаматтың құжаттары 1 147, 225 млн теңгеге мақұлданып, 169 азамат 928, 560 млн.теңге жеңілдетілген несие алды.

## ТАЛАНТТЫ ЖЕРЛЕСІМІЗ ОБЛЫСТЫҚ ТЕРМЕ БАЙҚАУЫНДА ТОП ЖАРДЫ



Мақтаарал ауданында Түркістан облысының құрылғанына 5 жыл және Мақтаарал ауданының 95 жылдығына орай, сонымен қатар «Түркістан мақамдары» терме жинақтарын дамыту мақсатында ақын, термеші Қайыпназар Әйтпеновтың туғанына 123 жыл толуына арналған облыстық «Терме – бойтұмарым» атты термешілер байқауы өтті.

Байқау қорытындысы бойынша әділ қазылар алқасының шешімімен жүлделі І орынды Теріскейдің

талантты қызы әнші, термеші Шалабаева Гүлбану Қуандыққызы иеленіп, ауданымыздың мерейін үстем етті. Байқауға ҚР Мәдениет саласының үздігі, Облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығының директоры Мейіржан Алиакбаров, дәстүрлі әнші, термеші Республикалық конкурстардың лауреаты Халықаралық жыршы, термешілер одағының мүшесі Аязбек Рустамов және ақын, сазгер Бауыржан Кеттебеков төрелік етті.

16 мен 35 жас аралығындағы талантты термешілер қатысқан облыстық байқаудың бірінші кезеңінде үміткерлер Қайыпназар Әйтпеновтың бір термесін орындаса, екінші кезеңде өз қалаулары бойынша еркін тақырыптағы бір терме орындады.

Айта кетейік, облыстық «Терме - бойтұмарым» байқауының мақсаты қазақ халқының ән-жыр өнерін бүгінгі жас ұрпақ арасында кеңінен насихаттау, дәстүрлі терме орындау өнерін дамыту және талантты жас термешілерді анықтау, олардың шығармашылығына қолдау көрсету болып табылады.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.







отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуін күшейту, бала тәрбиесінде оң мәдениетті дамыту», – деді министр.

Осыған орай құрылған ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспары аясында Аманкелді Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімдері Ноғайбаева Раушан және Құдайбергенова Эльмираның, мектеп психологы Есмаханова Әйгерімнің ұйымдастыруымен «Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым-қатынас» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Жиын барысында ата-аналарға әртүрлі психология-

## Ата-аналармен бірігіп жұмыс жасауда

“Әділетті Қазақстан: адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт” атты білім қызметкерлерінің тамыз кеңесінде Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев білім беру ұйымдарында “Ұлттық тәрбие – ел болашағы” білім берудің тұжырымдамалық негіздері енгізіліп жатқанын атап өтті.

“Министрлік оқушылармен, ата-аналармен және қоғаммен идеологиялық жұмысты жандандыруға бағытталған 2023-2025 жылдарға арналған Бірыңғай білім беру бағдарламасын әзірледі. Осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап барлық білім беру ұйымдарында ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтары жұмыс істей бастайды. Олардың ең бірінші басымдығы – балаларды оқыту мен тәрбиелеуде

лық ахуал туғызатын ойын түріндегі әдіс-тәсілдер жасалып, өзара пікірталастар жүргізілді. Мектеп психологы ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі жайында баяндама жасады. Жиналысқа қатысқан ата-аналар әрдайым мектепте осындай ата-аларды педагогикалық қолдау орталығының құрылғанына өз ризашылықтарын білдіріп, әрдайым мектеппен біріге отырып жұмыс жасауға әзір екендіктерін білдірді.

**Қайрат ҚАЛИЕВ,**  
**Иманов атындағы шағын жинақты білім беретін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.**

## Есте қалар ертеңгілік

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ-ұлттымыздың бағалы жетпес қазынасы.

Білім беру балабақша тарабынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектеп-

мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері.

Жақында аудан орталығындағы «Айшуақ» бала бақшасындағы мектепалды даярлық «Күншуақ» тобының ұйымдастыруымен Республика күні қарсаңында «Ұлан-

қабілеттерінің арқасында өткізілген бұл ертеңгілікте бүлдіршіндердің барлығы да іс-шарадан тыс қалмай, өз өнерлерін ортаға салып, көрермендер көңілінен шықты. Елімізді, жерімізді құрметтеуге шақыратын патриоттық тақырыптағы өлең шумақтарынан жыр шашып, би билеген бүлдіршіндер өнерлі екендіктерін де көрсете білді.



ке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ғымы кеңінен қолданылатын ғымының біріне айналды.

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие

байтақ Республикам бұл менің! тақырыбында ертеңгілік болып өтті.

Ертеңгіліктің мақсаты-бүлдіршіндердің туған өлкеге деген сүйіспеншілігін арттыру, елін, жерін сүюге, Отанын қастерлеуге тәрбиелеу.

«Күншуақ» тобының тәрбиешілері Гүлдана Таутаева мен Салтанат Маратованың керемет ұйымдастырушылық

жас буынды патриотизмге тәрбиелеуде барын салып жүрген тәрбиешілер Г.Таутаева мен С.Маратованың еңбектеріне риза болған ата-аналар алғыстарын жаудырып, ертеңгіліктен көтеріңкі көңіл-күймен тарасты.

**Ата-аналар атынан:**  
**Бақытгүл БИҒОНДИЕВА.**

## Бүгін - Ұлттық валюта күні Мамандыққа адалдықтың үлгісі

1993 жылы 12 қарашада ҚР Президенті «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Заңына қол қойды. Арада үш күн өткенде, 15 қарашада ел аумағындағы жаңа сауда-саттық жасау құралы ретінде төл теңге қолданысқа енді.

Ескі үлгідегі ақшаларды Қазақстанның жаңа теңгесіне айырбастау 20 қараша күні аяқталды. Айналымнан жалпы сомасы 950 миллиард рубль алынып тасталды. Ұлттық экономикамыздың іргетасын қалауға ықпал ететін құрал ретінде Теңгенің ғұмыры басталды.

Бүгінгі теңге тұтастай Қазақстан мен оның барша азаматтарының дербес тіршілігінің, мемлекет тәуелсіздігінің айғағы болып отыр. Ұлттық ақша осы жылдар ішінде түрлі қаржы дағдарысына төтеп беріп қана қоймай, жұртшылық тарапынан инвестициялық сенімге де ие болды.

Теңгенің ұлттық валюта ретінде қалыптасуында ел ішіндегі қарапайым есепшілердің де еңбегі ерен. Бүгінгі кейіпкеріміз сонау тарихи жылдан бері тенгеге адал қызмет жасап келе жатқан, еңбегімен елге сыйлы ардагер есепші-Рзақұл Қабылбайқызы Құсайынова. 1955 жылы Созақ ауылында дүниеге келіп, сол кездегі іргелі оқу орны Ленин атындағы орта мектепті 1972 жылы бітіреді. 1973-74 жылдары кәсіптік техникалық училищеде оқып, 1977-79 жылдары Самарқандағы Мичурин атындағы Жеміс-жидек техникумында бухгалтер-есепші мамандығын бойынша оқып аяқтайды. Жоғары білім алуды мақсат еткен Рзақұл Еңбек Қызыл Ту орденді Алматы ауылшаруашылық институтының «бухгалтерлік есеп және шаруашылық жұмысын талдау, бухгалтерлік есептің экономикасы» деген мамандық бойынша сырттай оқып, бітіреді.

Оқуды үздік оқып бітірген Рзақұл еңбек жолын Агропром-энерго кәсіпорнында бастап, 1980-1995 жылдары есепші, бас есепші қызметінде жемісті еңбек етті. 1995-2002 ж. С.Қожанов атындағы өндірістік кооперативінде есепші, 2003-2005 ж. «Созақ тұз» мекемесінде есепші қызметін атқарған.

2006-2014 жылдары «Созақ аудандық кітапханалар жүйесі» КММ-де бас есепші қызметінде еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты. 2014-2020 жылға дейін аудандық мәдениет бөлімінде еңбек етті. Есепшінің есебіндей осынау жалаң цифрлар ар жағында елге қызметтің ерен жылдары жатыр. Ел Рзақұлді тынымсыз тірлігі, есептегіш құралдай айнымайтын адалдығы арқылы таныды. Қай мекемеде жүрсе де есеп ісінің жауынгеріндей шаршамайтын, тынбайтын. Ел экономикасы шайқалып барып есін жиып, етегін жапқан қиын жылдарда да өз ісіндегі тәртіпті қатан сақтап, күрделі кезеңдегі қарбаласты да атқарды, алып шықты. Біз танығалы тірлігі тап-тұйнақтай, іс-қағаз құжаттары қашанда тәртіп-талабына сай болатын. Жылдар өте келе тәжірибе жинақтап, біліктілігі арта түсті, аудандағы іргелі мекемелердің есепшілерімен қатар экономикамыздың өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосты, озық еңбегімен сый-құрметке бөленді. Жас мамандарды да іске үйретіп, тәлім-тәжірибесін аямады. Қашанда жұмыс мен халық алдында абыройы асқақ еді. Әрине, ол мұндай биік белесті бірден бағындырған жоқ. Әр жетістігінің астарында төгілген тер мен ерен еңбек жатыр. Сонымен қатар, өз ісіне деген сүйіспеншілік пен жауапкершілігі де құрметке лайық. Бүгінде Рзақұл Қабылбайқызы түрлі марапат биігінен көрініп, көпке сыйлы болуы мамандық майданында жеңіске жеткенін айғақтайды. Ол ҚР Мәдениет саласы кәсіподағының Құрмет грамотасымен, облыстық мәдениет басқармасының, бірнеше мәрте аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың, аудандық мәдениет бөлімінің Алғыс хаттарымен марапатталған. Иә, есепші деген елеусіздеу, сыртқа біліне бермейтін, бірақ оларсыз тірлік бітпейтін ардақты мамандық. Сол мамандықтың абыройына абырой қосып, ел экономикасына өлшеусіз үлес қосқан Рзақұл Қабылбайқызындай еңбек адамдары қаншама... Біз білетін Рзақұл апай осындай Адам, нағыз маман.

**Г.ӨМІРБЕК,**  
**Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

**Директордың міндетін**  
уақытша атқарушы:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
Сайлаубекұлы

**Бас редактор:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
Сайлаубекұлы  
Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терімші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**  
Фототілші-  
**Күрмаш КЕРІМҚҰЛОВ**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:  
161000, Шолақорған ауылы,  
С.Қожанов көшесі, байланыс  
телефондары 4-15-30  
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3500 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.